

Ф. Камалова^{1*}, С. Абжалов¹, Ж. Досмагамбетова²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: feny_a_0490@mail.ru

ДІНИ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ КИЕЛІЛІК ФЕНОМЕНІ: ДІНИ-ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРС

Мақалада діни сананың қалыптасуындағы ерекше мәні бар киелілік феномені қарастырылады. Зерттеу жұмысы киелілік ұғымын тарихи-әлеуметтік, салыстырмалы-герменевтикалық, діни-феноменологиялық тәсілдер арқылы талдайды. Талдау нәтижесінде киелілік ұғымының теориялық-әдістемелік негіздері ұсынылады. Осы тұста, киелілік ұғымының дінтанудағы, теологиядағы, жалпы діндегі ғылыми және тәжірибелік мәніне сипаттама беріледі. Сондай-ақ киелілік онтологиялық тұрғыда күнделікті болмыстан ажыратылатын шынайылықтың жоғарғы деңгейі, гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат білім, феноменологиялық тұрғыда таңғалдыратын ғажап дүние, аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс екендігі айқындалады. Келесі кезекте, киелілік феноменінің діни санадағы рөліне мән беріледі. Себебі, діннің рухани өмір саласы ретіндегі мазмұны мен ерекшелігін діни сана белгілейді, дәл осы сана діннің әлемнің практикалық-рухани дамуының басқа әдістерінен салыстырмалы түрде ажырата алады. Діни сананың бірқатар ерекшеліктері бар: сезіну арқылы туындаған көрнекілік, қиял арқылы жасалған бейнелер, символизм, күшті эмоционалдық байлық секілді. Осындай ерекшеліктерді киелілік құбылысы арқылы сипаттауға да болады. Оған қоса, діни сананың қалыптасуындағы маңызды мәнді құрайтын киелілік ұғымы құпиялық пен шынайы сезінумен байланысты туындайды. Жүргізілген зерттеудің құндылығы ретінде дін феноменологиясы киелілік ұғымын ғылыми объективтілік тұрғыда қарастырып, киеліліктің жалпы дінде, культте, діни түсінік пен діни санада кездесетін негізгі формаларын анықтайтындығын көрсетуге болады.

Түйін сөздер: дін феноменологиясы, киелілік, қасиеттілік, сакралды, діни сана, діни сенім.

F. Kamalova^{1*}, S. Abzhalov¹, J. Dosmagambetova²

¹Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: feny_a_0490@mail.ru

The Phenomenon of Holiness in the formation of Religious Consciousness: a Religious-Phenomenological Discourse

The article explores the phenomenon of holiness, which is of particular importance in the formation of religious consciousness. The research work analyzes the concept of holiness using historical-social, comparative-hermeneutical, religious-phenomenological approaches. As a result of the analysis, the theoretical and methodological foundations of the concept of holiness are proposed. In addition, a description of its scientific and practical significance in religious studies, theology, and religion in general is given. Also, from an ontological point of view, the sacred is considered as a high level of reality, separated from everyday life, from an epistemological point of view, true knowledge is beyond understanding, from a phenomenological point of view, the wonderful world, from an axiological point of view, is considered as an absolute, imperative phenomenon. Further, the role of the phenomenon of holiness in religious consciousness is emphasized. This is due to the fact that the content and specificity of religion as a sphere of spiritual life is determined by religious consciousness, and it is this consciousness that can relatively distinguish religion from other ways of practical and spiritual exploration of the world. Religious consciousness has a number of features: visualization caused by feeling, images created by the imagination, symbolism, strong emotional richness. Such features can also be described by the phenomenon of holiness. In addition, the concept of holiness, which is of paramount importance in the development of religious consciousness, arises in connection with mystery and genuine sensation. The value of the study is that the phenomenology of religion considers the concept of holiness in the context of scientific objectivity and shows that holiness determines the main forms found in religion in general, cult, religious understanding and religious consciousness.

Key words: phenomenology of religion, holiness, sacred, sacral, religious consciousness.

Ф. Камалова^{1*}, С. Абжалов¹, Ж. Досмагамбетова²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Казахстан, г. Туркестан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: feny_a_0490@mail.ru

Феномен святости в формировании религиозного сознания: религиозно-феноменологический дискурс

В статье исследуется феномен святости, имеющий особое значение в формировании религиозного сознания. В исследовательской работе анализируется понятие святости с использованием историко-социального, сравнительно-герменевтического, религиозно-феноменологического подходов. В результате анализа предлагаются теоретико-методологические основания концепции святости. Кроме этого, дается характеристика ее научного и практического значения в религиоведении, теологии, религии в целом. Также с онтологической точки зрения святое рассматривается как высокий уровень реальности, отделенный от повседневного бытия, с гносеологической точки зрения – истинное знание за пределами понимания, с феноменологической точки зрения – удивительный мир, с аксиологической точки зрения рассматривается как абсолютное, императивное явление. Далее подчеркивается роль феномена святости в религиозном сознании. Это связано с тем, что содержание и специфика религии как сферы духовной жизни определяется религиозным сознанием, и именно это сознание может относительно отличать религию от других способов практического и духовного освоения мира. Религиозное сознание имеет ряд особенностей: визуализация, вызванная чувством, образы, созданные воображением, символизм, сильная эмоциональная насыщенность. Такие особенности также можно описать феноменом святости. Кроме того, понятие святости, составляющее важнейшее значение в становлении религиозного сознания, возникает в связи с таинственностью и подлинным ощущением. Ценность проведенного исследования состоит в том, что феноменология религии рассматривает понятие святости в контексте научной объективности и показывает, что святость определяет основные формы, встречающиеся в религии в целом, культе, религиозном понимании и религиозном сознании.

Ключевые слова: феноменология религии, святость, священное, сакральное, религиозное сознание.

Кіріспе

Дін феноменологиясында діни сана ұғымының мән-мағынасын қарастыратын болсақ, діни санаға адам өз сенімін бойынан кешіру, сезіну арқылы санасында көрнекілік бейнелерді қалыптастырады, яғни қиялмен жасалған образдар, сенуші үшін шындық болып табылатын қиял, сенім, рәмізділік, сұхбаттылық, эмоциялық толықтылық, діни лексиканың (басқа да арнайы белгілердің) көмегімен қызмет ету тән. Аталған белгілер тек ғана діни санаға тән емес. Сезіну арқылы елестету, қиял бейнелері, эмоциялық өнерге де тән қиялдар, мораль, саясат, әлеуметтік ғылымдарда пайда болады, жалған ұғымдар мен теориялар жаратылыстануда жасалады және т.б. көрсетілген қасиеттердің діни санада бір-бірімен қалай байланысты екенін, олардың діндегі субординациясы қандай екенін қарастыратын болсақ, онда діни сенім түсінігіне тоқталуымыз керек.

Діни сенім – діни сананың кіріктіруші күші болып табылады. Яғни, адамның психологиясындағы ерекше феноменнің арқасында «өмір

сүреді». Сенім – мақсатқа жетуге, оқиғаның болатынына, адамның алдын ала болжанған жүріс-тұрысына, қойылған мақсат жөнінде нақты ақпарат жетіспеген жағдайда идеяның ақиқаттылығына, оқиғаның соңғы қорытындысына, алдын ала болжанған жүріс-тұрысқа, тексерудің нәтижесіне сенімді болу. Онда қалаған нәрсені іске асыруға деген үміт артылады. Бұл психологиялық күй табысты әрекет жасауға мүмкіндік болған кезде, оның нәтижелі аяқталатыны туралы және сол мүмкіндік туралы білген кезде ситуацияның ықтималдылығында пайда болады.

Осы сенімнің арқасында белгілі бір адамдар, заттар, іс-әрекеттер, сөздер, жазбалар діни мағыналарға ие болады, олардың тасымалдаушылары тиісті сананың қалыптасуы мен қызмет етуі үшін символдық ортаны құрайтын рәсімге қатыса алады. Діни сенім бүкіл діни кешенді жандандырады, «шекарадан өту» процесінің өзіндік ерекшелігін анықтайды. Шектеуден шексіздікке, дәрменсіздіктен күшке, уақытшалықтан мәңгілікке, өмірден өлімге, бұл дүниеден о дүниеге, құлдықтан азаттыққа, т.б.

діни сенімнің көмегімен сана тұрғысынан қол жеткізіледі. Сенім адамдар үшін аса маңызды мағынасы бар процестер, оқиғалар, идеяларға қатысты пайда болады және өздігінен когнитивті, эмоциялық және жігерлік сәттердің қоспасын білдіреді. Сенім ықтималдық жағдайында пайда болғандықтан, соған сәйкес адамның әрекеті қатермен байланысты. Бұған қарамастан, ол жеке адамның, топтың, көпшіліктің бірігуіне маңызды дерек, адамдардың шешімділігі мен белсенділігіне стимул болады.

Қазіргі кезде дінтанушылардың пайымдауынша, дін феноменологиясының басты ұғымдары: киелілік, киелі зат, киелі орын, киелі сан, киелі кеңістік пен уақыт және т.б. діни сананың маңызды мәнін құрайтын нуминоздылық құбылыс ретінде негіздейді. Бұл ұғымдар құпиялық пен қасиеттілікті шынайы сезінумен байланысты туындайды.

Киелілік ұғымы ХХ ғасырдың ортасынан бастап Батыс еуропалық зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып, Батыс Еуропа қоғамының діни және әлеуметтік-мәдени өмірінің өзіндік феномені ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеліп келеді.

Атап айтқанда, Эдмунд Гуссерльдің пайдаланған феноменологиялық-философиялық әдісі бойынша бүгінгі дін феноменологиясы жалпы діндегі, ондағы діни санадағы киеліліктің пайда болуын зерттеуде тарихи-діни тәжірибедегі жалпы түсініктерге негізделген. Яғни, күнделікті өмірге қарама-қарсы болатын, әдеттегі нәрселерден алыс тұратын, еліктіретін, әрі бір мезгілде қорқыныш-үрей тудыратын феномендер.

Киелілік көбінесе латын сөзі «нумен» ұғымымен (Жаратушы еркі, құтқарушы Құдай, жаратушылық бейнесі, жаратушылық күдіреттің белгісі, аса құрметті аруақтардың рухтары) синонимдес келеді. Бұл тұрғыда Рудольф Отто нумен ұғымының киеліліктің иррациональді жағы екендігін алға тартқан. (Отто, 2008: 189).

Осылайша, нумен – жаратушылық, мүлдем басқа, ол ешбір адамзатқа да, ғарышқа да ұқсайтын абсолютті ретінде түсіндіріледі. Сондай-ақ, Мирче Элиаде дінді рационалды және иррационалды элементтерге бөліп қарастыру дұрыс емес, ондағы киелі өзінің барлық толықтығын көрсете алмайды деп пайымдаған. Ең дұрысы киелілікті пендешілік өмірге қарама-қарсы қою керектігін айтады (Элиаде, 1994: 62).

Фидрих Хайлердің пайымдауынша, нумен – киелі және құдайылық – сезімтал қабылдаудың арғы жағында орналасқан, бірақ ол сыртқы

құбылыстар арқылы көрініс табады және естіледі, оны қиялмен салған картиналардан, діни тәжірибеден аңғаруға болатындығы жөнінде айтқан болатын (Хайлер, 1961: 72).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Дін феноменологиясы діндар адамның сеніміне айрықша мән бере отырып, дінді құбылыс ретінде зерттейтін дінтану ғылымының әдіснамалық ұстанымы болғандықтан, киеліліктің кеңістікте, сөздер мен сандарда, затта, уақытта және адам мен қоғамның тәжірибесінде, іс-әрекеттерінде көрініс табатындығын зерттейді. Осы тұрғыда киелілікке синонимдес қасиеттілік ұғымы да алға шығады. Ғылымда киелі мен қасиетті ұғымдарын зерттеуде біршама тұжырымдар пайда болған. Олар туралы мақаланың негізгі бөлімінде қарастырылатын болады. Бүгінгі кезге дейін шетелдік дінтанушылар, теолог-ғалымдар, мәдениеттанушылар, психологтар, әлеуметтанушылар және басқа да зерттеушілер киелілік және қасиеттілік ұғымдарын қарастырып келген, қазір де талқылануда. Бірақ көптеген шет елдік зерттеушілердің еңбектеріне қарамастан, қазақстандық зерттеулерде киелілік, қасиеттілік ұғымдарының теориялық-әдіснамалық негізін анықтауда осал тұстарын аңғаруға болады. Сол себепті бұл ұғымдардың теориялық-әдістемелік негіздерін қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі десекте болады. Мақаланың мақсаты – киелілік, қасиеттілік ұғымдарымен бірге сакралды терминін де қоса талдап, олардың әрбірін жеке-жеке анықтап, бір-бірімен байланысы мен ерекшелігін ажыратып зерттеу. Ал мақаланың міндеттері, бұл ұғымдардың дінтанулық, теологиялық және діндегі қызметін талдау, қол жеткізген нәтижелер бойынша қазіргі дінтану ғылымындағы рөлі мен орнын айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Ғылыми жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздерін дінтану мен әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында қолданыс тапқан тұжырымдамалар, теориялар мен тәсілдер құрайды. Мақалада қазіргі дін феноменологиясы саласындағы діни сананың атқаратын рөлін нақтылау үшін жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындалуына байланысты, дін феноменоло-

гиясының басты зерттеу нысаны болып есептелінетін «киелі» ұғымын әртүрлі ракурста қарастыруға мүмкіндік берген тарихилық, жүйелі-құрылымдық және салыстырмалы-герменевтикалық тәсілдері кеңінен қолданылды. Объективизм тәсілі киелілік ұғымын қазіргі қоғамдық діни санада әлеуметтік-рухани дерек ретінде тұжырымдап, оның мағыналық және функционалдық себептерін ашуға негізделді. Феноменологиялық талдау киеліліктің өзіндік қасиеттерін ашып, оған ұқсас бірқатар терминдерді анықтауға мүмкіндік туғызды.

Негізгі бөлім

Әрбір дінге сенушілердің діни сенімдеріндегі діни санасын дін феноменологиясы ғылымы, ондағы феноменологиялық әдіс айқындап бере алады. Яғни, феномен дегеніміз құбылыс, діндегі барлық құбылыстарды зерттеп, қарастырады. Дін феноменологиясында қолданылатын негізгі ұғымдар бар, олар киелі, қасиетті ұғымдары. Әрбір дінге сенуші өзінің діни сеніміндегі нанымдарды білу үшін, құпия ілімін тану үшін, діни санасын жаңғырту үшін осы ұғымдар көмекші құрал бола алады.

Киелілік, қасиеттілік, сакралды терминдері бір-бірімен тығыз байланысты, жақын синонимдес сөздер болғанымен әр түрлі мағынаны көрсетеді. Осы үш ұғымдарды салыстыра отырып, төмендегідей анықтамаларды ұсынуға болады.

Қасиеттілік деп, әдетте діни әдет-ғұрыптарда қолданылатын, Жаратушыға арналған заттар мен салт-жораларды білдіреді. Құдайылық атрибутканы да айтуға болады. Қасиеттілік көбінесе тазару, аластату ритуалы болып жатқан кезде сипатталады, яғни тазартылған зат қасиетті болады немесе болмауы да мүмкін, егер де ол пендешілік-тұрмыстық мақсатта пайдаланылса (мысалы, пасхалық жұмыртқа). Қасиеттілік мен киелілік ұғымдары мағынасына қарай бір-біріне жақын және бір заттың атрибуты болуы да мүмкін. Мысалы, Інжілді Киелі Жазбадағы қасиетті кітап деп айтуға болады. Яғни, мұндағы *қасиетті* атрибуты Інжілге деген ерекше көзқарас, қарым-қатынас, ол пендешіліктен алыс болуы қажет, діни қызметте пайдаланатынын көруге болады. Ал *киелі* атрибуты оның Жаратушыға тән екендігі және Құдай нұры жауған сипатта екендігін байқатады. Киелі мен қасиетті ұғымдары кейбір кезде әдіс-құрал немесе мақсат-мүдде ретінде қолданылады. Мысалы, хрис-

тиандықта киелі құпияларды жинақтауда евхаристия құпиялығын пайдалану үшін қасиетті ыдыстарды қолданады дегендей және т.с.с.

Қасиеттілік көбінесе христиандық дәстүрмен байланысты, алайда барлық діндерде де қолданыла береді. Сонымен қатар қасиеттілік ұғымын көбінесе діни ұйымдардың басқару органдарының атауларына да пайдаланады, мысалы, Қасиетті Синод деген секілді. Сондай-ақ саяси одақтар мен мемлекеттік білім беру салаларының тарихи атауларында да қолданылып жазылған, мысалы: Қасиетті Рим Империясы, Қасиетті Одақ.

Киелілік – бұл кие тұтқан, Жаратушыдан берілген құбылыс. Жаратушылық қасиеттілігіне ие болған немесе Жаратушыға арнайы арналған, күдіретті деген мағынаны береді.

Сакралды (ағыл. *sacral* және лат. *sacrum* – қасиетті, күдіретті) – белгілі бір объектіге бірегей мағына беретін, сол объектіні ерекше құндылыққа айналдыратын, пендешілік түсініктер мен заттардан ерекше иррационалды, мистикалық мән-мағына беретін дүниетанымдық категория болып табылады.

Сакралдының киелі мен қасиетті ұғымдарынан ерекшелігі, діннен алыс, ғылыми лексиконда пайда болған және мифология, пұтқа табынушылық пен алғашқы наным-сенімдерді қоса алғанда барлық діни наным-сенімдерді сипаттағанда қолданылатын түсінік. Сакралды – адамның басқа әлеммен байланысын қарастырады, белгілейді, орнатады және қайта қалпына келтіреді деген де мағынаны береді.

Сакралдылық басты дүниетанымдық категория ретінде көп деңгейлі түсінік ретінде қарастырылады. Сакралды ұғымы көп тілдердің таңбалық мағынасында, соның ішінде көне-еврейлік «*gadosh* – бөлектік, дербес құқықтық, қол сұғылмаушылық» ұғымымен сәйкес деп есептейді (Забияко, 1998: 125).

Сондықтан да гуманитарлық-пәнаралық ғылымдарда киелі, күдіретті, қасиетті терминдері тұтас «сакралды» деп қолданылады.

Сонымен қатар, киеліліктің дінтануда, діндегі және теологиядағы принциптерін қарастырғанда үш ұғымның бір-бірімен құдайылық, діни мәселесінде өзара сабақтастығын аңғаруға болады. Бұл ұғымдар Жаратушы мен адам арасындағы байланысты білдіреді. Яғни, жоғарыдағы ұғымдарды талдағанда, олардың дінтанудағы, теологиядағы және діндегі ұстанымдарының өзгешелігіне назар аударуымыз керек. Киелілік ұғымын дінтануда, теология мен

діндегі тұрғысын қарастырғанда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Киелілік ұғымы кең мағынада дәлелдемесін теологиядан алады делінген. Өйткені, теология саласы бір-бірімен жақын байланысқан үш маңызды сұрақтарды қарастырады: біріншіден, Жаратушының барын растайды, екіншіден, мүмкіндігінше оның табиғатын айқындайды, үшіншіден, Жаратушы мен әлем, Жаратушы мен адам арасындағы қарым-қатынасты сипаттай алады.

Теологияда киелілік ұғымының негізі сенім түсінігі болып саналады. Теологиядағы киелілік ұғымы діндегі сияқты Жаратушы болмысының бар екеніндігін дәлелдейді. Әкей Павел Флоренский киелілік ұғымын зерттей келе, ең алдымен оның «жойылмайтынын» дәлелдейді: «...Көне Өсиетте Жаратушыны киелі деп есептейді, яғни оның Жоғарғы билеуші екенін, Әлемді жаратушы екені көруге болады» – деп тұжырымдайды.

Сонымен киелілік теологияда Жаратушыға бағыну дегенді негіздейді, оның символы тазару болып есептеледі. Тазару барысында күнделікті пендешілік салт-рәсімдер құдайылық мәнге иеленіп, киелі тұстарын көрсетеді.

Тарихи жағынан қарастырсақ, киелі ұғымы мәдени комплекстерге қарағанда өзінің ерекше толық көрінісін діндегі руханилықтан таба білді. Киелі ұғымы діннен сипат ала алды. Яғни, киелі ұғымының діндегі онтологиялық аспектісі – ғажайып, тылсым күш деген мағыналарды білдірді. Неміс теологы Р. Отто 1917 жылы жарық көрген «Киелі» атты классикалық еңбегінде киелілікті абсолютті, шексіз шындық, тұрмыстың түп негізі ретінде зерттеген болатын. Бұл түпкі негіздерге ақылдылық, руханилық, күдіреттілік атрибуттарын жатқызуға болады. Киелі түсінігі діни руханилықтағы нақтыланған қасиетті бейнелерде және қасиетті сөздерде көрініс табады (Отто, 2008: 35-37).

Сондай-ақ киелілік түсінігі дінтану ғылымының тарихынан бастап қолданылған. Бұл құбылысты зерттеу үшін дінтанушылар біршама принциптерге сүйенген. Соның ішінде, мәдениеттанулық, философиялық және феноменологиялық принциптерге мысал келтіруге болады. Бұл принциптер киелі ұғымының түсіндірмесінің ерекшелігін айқындайды.

Дінтанушылардың философиялық принципі тұрғысынан қарастырғандағы айырмашылығы киелілік діннің іштей бағалау әрекеті болып есептеледі.

Натан Зёдербломның пайымдауынша, киелілік пен құдайылық сөздері синоним ұғымдар дейді. Зёдерблом діннің алғашқы формалары «құдайылықты қабылдау, басқаша айтқанда, санаға киелілікті сіңдіру» және т.с.с. деген. Оған қоса, Зёдерблом діндарлықты тақуалық түсінігі арқылы зерттейді, яғни адам баласы киеліліктің бар екенін ұғынуы: «Кімде-кімнің бойынан киелілік қасиеті табылса, сол адам тақуа, ал киелілік пен профандықтың арасындағы қарама-қайшылық институционалды діндердің айқын белгісі болып саналады. Діни тақуалықта киелілік – бұл Жаратушының ерекше қасиеті болып есептеледі», – деп тұжырымдайды (Зёдерблом, 1998: 88-89).

Дінтанушылар киелілікті мәдениеттанулық принцип арқылы зерттегенде, әдебиеттегі, өнердегі, құндылықтар шеңберіндегі, қоғам дамуындағы мәртебесін талдай отырып, оны әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде қарастырады. Осы тұста, нақты бір қоғамда киелілікті зерттеу, адамдардың діни санасын зерттеуге ыңғай тудырады. Оған қоса, киелілік ұғымын зерттеу арқылы адам өмірінің барлық тұстарынан ақпараттар алуға болады.

Келесі кезекте, киелілік ұғымын философиялық принцип бойынша зерттегенде, өзінің трансцендентті мәнінен айрылғанын ескеру қажет. Осыдан ол көптеген ақпараттардың әмбебап қайнар көзі ретінде қарастырылады. Тіпті, егерде киелілік сакралды дәрежесінде сипатталса, тек секулярланған мәтіндерде ғана қарастырылады. Мұндай киеліліктің мәні туралы тұжырымдар Дж. Фрэнгер, Б. Малиновскийдің еңбектерінде көрсетілген.

Киелілік ұғымын зерттеуде айрықша қасиеттерге ие болған феноменологиялық принцип. Бұл принциптің жақтаушылары киелі-профанды қарама-қайшылықсыз киеліліктің тіршілік етуі мүмкін еместігін алға тартады. Мұнда киелілік дінде де және діннен тыс кезде де сипатталады. Осының нәтижесінде киеліліктің екі аспектісі пайда болады: жағымды және жағымсыз, киеліліктің амбиваленттілігі деуге болады. Мысалы, Р. Марреттің еңбегінде киелілік амбиваленттілігі «мана» мен «табу» терминдері болып табылады.

Бұл жердегі табу ұғымы арқылы киеліліктің пайда болуын анықтауға болады, табу киеліліктегі түсініксіз, сұмдық нәрселерді жеке шығарып сипаттайды. Мұнда киелілік қорқыныш ретінде түсіндіріледі. Табу арқылы киелілікті сипаттағанда айрықша қағидаларды

білу қажет. М. Марреттің мана идеясында киелілік күдіретті, ғажайып күш ретінде сипатталады.

Осы ретте, киелі жағымды және жағымсыз аспектілерін қарастырады. Киелілік пен табу бір-бірімен әрекеттескенде жүзеге асырылатын қағидаларды ескеру қажет деп жоғарыда көрсетілгендей, бұл киеліліктің табу ретінде өзін білдіруі деп есептеледі. Ал мана болса, ол киеліліктің жағымды жағы болып табылады (Марретт, 1998: 23-24).

Сонымен қатар киелі ұғымын феноменологиялық принцип тұрғысынан зерттегенде Р. Отто, М. Элиаде, К. Тиле, Э. Дюркгеймнің ілімдерін мысал келтіруге болады.

Киелі-профанды карама-қайшылық идеясы, киелі ұғымының амбиваленттік идеясы, киеліліктің діннен тыс және дінге дейін болу болжамының идеясы, бұлардың барлығы феноменологиялық принциптің жалпы тұстары болып есептеледі.

Киелі түсінігіндегі кездесетін иерофания мен иеротопия ұғымдарын қарастырсақ, діндер тарихын зерттеген румындық антрополог Мирча Элиаденің 1956 жылы жарық көрген «Священное и мирское» кітабында киелі ұғымының қалай байқауға болатындығы, қалай көрініс табатындығы туралы жазылған. М. Элиаде еңбегінде: «Адам кәдімгі өмірден бөлек ғажайып нәрсені байқағанда ғана киеліні сезіне алады» – дейді. Элиаде киелінің қалай көрініс табатындығын түсіндіру үшін иерофания ұғымын қолданады (Элиаде, 1994: 11). Иерофания (латынша *iерос* – иеро – «киелі», *фанос* – фания – «жарық, шырақ») – киеліліктің көрініс табуы деген мағынаны білдіреді. Негізгі мәнінде иерофания христиан дініндегі теофанияның (Құдайдың көрінісі) кеңейтілген мағынасы ретінде қарастырылады. Дінге сенушілер үшін иерофания кез-келген объект болуы мүмкін, мысалы: тас немесе ағаш, немесе христиандар үшін Құдай Иса пайғамбардың бейнесінде көрінуі сияқты күрделі тұжырымдамаларды да жатқызуға болады.

Румындық зерттеуші Рудольф Отто иерофанияға «әлдебір үздік» (*ganz andere*) деген анықтаманы ұсынады. Оның пайымдауынша, ағаш ағаш болғандықтан киелі емес, ал тас табиғи қасиетіне қарай киелі болып тұрған жоқ. Бұл жерде иерофания қасиетіне ие болғаннан табыну нысана айналып түр дейді (Отто, 2008: 102).

Сондай-ақ, киелі, иерофания ұғымдарын қарастырғанда иеротопия деген атауда пайда бола-

ды. Иеротопия (грекше *iерос* – киелі және *топос* – орын, кеңістік) – жасампаз қызметтің түрі ретінде қарастырылатын киелі кеңістіктердің нақты жаратылуы, сондай-ақ, мәдени-тарихи зерттеудің арнайы саласы ретінде қарастырылады. Иеротопиялық түсініктерге ғибадатханалар, киелі ландшафттар, шіркеулер, архитектурлы кешендер, тіпті қалалар мен елдерді де жатқызуға болады.

Иеротопия тұжырымдамасы мен терминін 2002 жылы Алексей Лидовый ұсынған болатын. Иеротопия гуманитарлы ғылымдардың бір бөлімі болып табылғандықтан өнер тарихы, археология, мәдени антропология, этнология, дінтану, теология секілді дәстүрлі пәндермен түйіскен жерлерде көрініс табады. Бұл жерде Мирча Элиаде, Рудольф Отто, Павел Флоренский және басқалары сияқты киеліні жалпы қарастырмайды, бұл жерде адамдардың жоғарғы әлеммен байланысын жаратқан нақты тарихи қызметті түсіндіреді. Иеротопия мистикалық компонентті де білдіреді, бірақ архитектуралардың, бейнелердің, рәсімдердің, жарықтың және басқа да медиалардың көмегімен киелі кеңістікті, киелі орынды қалыптастырады. Иеротопиядағы зерттеу тақырыбы әр түрлі болғандықтан оларға заттар, шіркеулік архитектурадағы жарықтың рөлі, діни рәсімдер мен мейрамдар, халықтық дәстүрлер, әртүрлі мәдениеттің иеротопиялық модельдерін кіргізуге болады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Бүгінгі діни-феноменологиялық дискурста сакралды ұғымын түсіну үшін, әуелі анықтамасын қарастыру қажет. Философиялық энциклопедиялық сөздікте сакралдыға тиісті анықтама жоқ, бірақ сакрализация процесінің анықтамасын табуға болады. Сакрализация ұғымының негізі пендешілік өмірге қарсы тұру деген мағынада. Бұл анықтама бізді діни салаға соқтырады. Сондықтан, сакралды ұғымының анықтамасын бүгінгі «XX ғасырдағы мәдениеттану» энциклопедиясынан қарастырған жөн, онда былай делінген: сакралды (латынның *sacrum* – киелі, қасиетті, Құдайларға арналған, тыйым салынған, қарғалған) – ең маңызды дүниетанымдық санат, пендешілік өмірден түбегейлі ерекше, өте жоғары тұруы деген мағынаны білдіреді.

Сакралдылық термині ғылыми зерттеуге XX ғасырда ғана келген, бұл уақытқа дейін зерттеушілер киелілік, қасиеттілік ұғымдарын қолданып келген. Әрине, сакралдылық, киелілік

және қасиеттілік ұғымдары өзара синонимдес болып табылады, бірақта «діни», «шіркеулік» деген қосымша мағыналардан құтылу үшін, ғылыми лексиконда сакралдылық ұғымы қолданылады.

Сакралдылыққа байланысты ойларды екі түрге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, Жаратушыға сеніп, сакралдының белгісіздігін мойындайтын философ-теологтардың көзқарастарын айтуға болады. Мұны «ішкі көрініс» ретінде анықтайды. Екіншісі, сакралдыны зерттеу мүмкіндігінен туындайтын көзқарас делінген.

Хронологиялық принциптерге сүйене отырып, орта ғасырларда сакралдыны тек ғибадат объектісі ретінде қарастырғандығы байқалады. Ағартушылық заманында дін мен ғылым арасында болған күрестің салдарынан, XVIII ғасырдың ортасында жарық көрген ағылшын философы Дэвид Юмнің «Адам танымы туралы философиялық эксперименттер» еңбегіндегі «Ғажайып туралы» эссесінде сакралдыны ғажайып сөзімен теңестіріп, адамның саналы түрде алданып қалуы деп талқылайды (Юм, 1996: 78-79). Ғажайыптарға толы теологиялық еңбектерді, ғылыми телеологиялық болжамдарды Д. Юм оқырманның және ізденушінің саналы түрде алданып қалуы деп сипаттайды. Д. Юм барлық діндер діннің негіздерін шайқалта алатын ақылға емес, сенімнің маңыздылығын мойындайды деп пайымдайды. Осылайша, Д. Юм үшін ғажайып пен киелі – алданудың синонимдері екендігін алға тартады.

XIX ғасырдың бас кезеңінде немістің философы, теологиядағы романтизм бағытының өкілі Фридрих Шлейермахер «Білімді адамдарға арналған дін туралы сөз» деген еңбегінде сакралдыны абсолютті объективті шындық, әртүрлі формаларда көрінетін сөзсіз киелілік деп сипаттайды. Ол киелілік сезімін адам жанына туа біткен қасиет деп түсіндірді (Шлейермахер, 1994: 103).

XX ғасырда сакралды ұғымына қызығушылық көбейді, сөйтіп ғылыми зерттеу нысанына айнала бастады. М. Мосс, Э. Дюркгейм, Л. Леви-Брюль сияқты көптеген француз әлеуметтанулық мектебінің өкілдері сакралды мәселесін зерттеді.

Француз әлеуметтанулық мектебінің негізін қалаушы Эмиль Дюркгейм «Діни өмірдің элементарлық түрлері» еңбегінде сакралдыны қоғам қолдан жасайды деп, құдайсыз дін идеясын қарастырады.

Оның «Австралиядағы тотемдік жүйе» еңбегінде сакралдыны тылсым негіздемені мұқтаж

ететін әлеуметтік құндылықтармен теңестіріп сипаттайды. Э. Дюркгейм қасиетті нысандар күнделікті пендешілік немесе профандықтан ерекшеленеді деп түсіндіреді. Қарапайым жануарларды аулап, олардың етін тағам ретінде жей алады, алайда олар қасиеттілер қатарына жатпайды деп түсіндіреді. Ал қасиетті жануарлар басқа мақсаттарда қызмет атқарады, олар арнайы салт-жоралғылардың нысаны болып, оған құрмет тұтады. Олар тайпа-рудың символы ретінде, оның басты құндылығы киелі етіп танытады. Тотемнің өмірі сол нақты өмір сүріп жатқан тайпа-рудың өмірімен ұштасқан, оның мүшелері өздерін сол тотемнен шыққан деп есептейді. Тотемнің ұрпағына сол тайпа-рудың басты киелісі ретінде құрмет көрсеткен. Э. Дюркгейм қасиетті нысандарға бағытталған басқалардан ерекшеленетін дінде айрықша әлеуметтік іс-қимылдың бар екендігін аңғарады. Ол діндегі ең басты нәрсе қарапайымдылық, профандықтан қасиетті заттарды ажырату деп қарастырады.

Э. Дюркгейм қасиетті заттарды әлеуметтік бірліктің символы ретінде түсіндіреді. Австралиялық тұрғындардың символы тотем саналса, ал христиандар үшін Иса пайғамбар саналды. Барлық діндердің мәні негізгі әлеуметтік байланыстардың сакрализациялануы болып табылады. Діннің ерекше құнды мұралары сакрализациялану жүйесі болған жерден бастау алады делінген. Сакралдылық шын мәнінде адамзаттың табиғи тарихи негізі, оның әлеуметтік маңызы ретінде сипатталады (Дюркгейм, 1996: 63).

Дюркгеймнің шәкірті, француз антропология және әлеуметтанушы Марсель Мосс «Киелінің әлеуметтік қызметтері» еңбегінде: «құрбандықтың әмбебап қызметі – киелілік пен адам арасындағы байланысты қамтамасыз ету және жәбірленуші киелілік пен профанды арасында делдал ретінде әрекет етуі» – деп жазады (Мосс, 2000: 21).

Немістің философы, философия антропологиясы мен феноменологияның өкілі Макс Шелер өзінің еңбектерінде әлеуметтанулық ой-пікірлерін аксиологиялық көзқарастармен толықтырды және үлкейтті. М. Шелер құндылықтарды анықтау үшін Эдмунд Гуссерльдің феноменологиялық әдістемесін қолдана білді. М. Шелер «Этикадағы формализм және құндылықтардың материалдық этикасы» атты еңбегінде барлық феноменологтар үшін басты міндет – адамгершілік құндылықтарының қағидасы ретінде мораль доктринасын құру керектігін негізге алады.

Шелердің айтуынша, құндылықтар өз-өздерімен өмір сүре алады, яғни априорлық болып табылады. Сондай-ақ, құндылықтар бір-біріне қатысты жоғары және төмен болып иерархияны қалыптастырады, сол жоғарғы және төменгі құндылықтар сакралды болып есептеледі (Шелер, 1994: 98-99).

Осылайша, М. Шелер Шлейермахердің сакралдыны әлдебір сезім сияқты деп тұжырымдауымен толықтай келіседі. Ол объективті құндылықтарға бағытталған және субъектінің санасына жеткізетін ақыл-ойдың барына сәйкес, оны эмоционалдық түйсік теориясы деген атау беріп, түсіндіреді.

Сакралдылықты ең жоғарғы құндылық ретінде зерттеген неміс философы Рудольф Отто болып есептеледі. Р. Отто 1917 жылы жарық көрген «Киелі» (*Das Heilige*) атты шығармасында киеліні түсініп болмайды, киелі рухани, толығымен өзін-өзі қамтамасыз ететін, мәңгілік, трансцендентті және жоғарғы сезім деп түсіндіреді. Киелі иррационалдылық концепциялар мен анықтамаларда тиімсіз болғандықтан, оны арнайы идеограммалармен белгілейді, бұл тек діндарлардың тәжірибелері туралы жуық ақпараттарды ғана бере алады.

Егер киеліден рационалды және моральдық феномендерді алып тастасақ, онда «артықшылық» қалады, мұны Р. Отто «нуменозды» деп атаған. Нуменозды латынша *nimen* – құдайылық, құдай қағидасы деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, нуменозды сенушіге дуалистік сезім тудырады. Бір жағынан, шексіз күштен дүрбелең қорқынышты сезіну болса, екінші жағынан, керемет құпияны қабылдау, бұл жерде керемет және ғажайып нәрсеге берік қарсыласуымен көрініс табады. Демек, нуменоздының эмоционалды диапазоны керемет реакциядан қорқынышты реакцияға дейін таралады деп негіздеуге болады.

Осылайша, Р. Отто сакралдыны тек сезіну арқылы ғана пайда болатын феномен деп сипаттайды.

Феноменологиялық тұрғыдан бөлек, Р. Отто сакралдыны онтологиялық тұрғыдан да қарастырады. Оның пікірінше, сакралдылықтың болмысы барлық тіршіліктен жоғары, сакралдылықты адам болмысы жасайды дейді. Сакралдылық жай ғана шындық емес, сондай-ақ абсолютті шындық, мәңгілік және әлемге қатысты алғашқы шындық, сондықтан сакралдылықты адамзат өмірінің мәні ретінде сипаттайды (Отто, 2008: 160).

Сакралдылықты зерттеу мақсатында Парижде Әлеуметтанушылар Коллежі қоғамы құ-

рылады. 1937 жылдың қарашасынан бастап 1939 жылдың шілде аралығына дейін коллеждің негізін құрушылар – Роже Кайуа, Мишель Лейрис, Жорж Батай болып саналады.

Коллеж мүшелері атақты әлеуметтанушылар М. Мосс, Э. Дюркгейм, Л. Леви-Брюльдің ізбасарлары қатарынан болады. Коллежде сакралдылыққа қатысты табиғаттың екіжақты нысандары қарастырылады: «жоғарғы нысандар – патшалар, діни қызметкерлер және төменгі нысандар – қуғынға ұшырағандар, жезөкшелер, жалпы алғанда қоғамнан шектетілген адамдар» (Кайуа, 2003: 56-57). Коллеж өкілдері «*sacred*» сөзін киелі және қарғыс атқан деген ұғымдармен түсіндірген. Осы ретте, олар Кассирердің сакралдылық қарапайым өмірден бөлінген деген ойын әрі қарай жалғастырып зерттейді. Яғни, иерархиялық баспалдақтың жоғарғы жағында, сонымен қатар төменгі жағында орналасқандар профанды түсінігіне қарсы деп сипатталған.

Антрополог және әлеуметтанушы Роже Кайуа «Адам және сакралды» еңбегінде киелі мен профандының арасындағы шекарадан асуға болмайтындығы, олардың бір-бірімен дүшпандығын атап көрсетеді. Сакралдының қайнар көзі қорқыныш, тіпті жиреніш тудыратын нәрселер де болуы мүмкін деп қарастырады (Кайуа, 2003: 149).

Сонымен, сакралдылықты зерттеу барысында жоғарыда баяндағанымыздай үш негізгі ұстанымды ажырата білдік: олар феноменологиялық, онтологиялық және аксиологиялық.

Барлық теологтар киелі сезімін қорқынышпен таңырқауға байланысты деп тұжырымдайды. Ол адам мен қасиетті арасындағы шекарадан құрылған. Яғни, теологтар феноменологиялық ұстанымды мойындайды, онда киеліні құбылыс деп көрсетеді, себебі оны түсінуге, сезінуге болады дейді.

Осыған онтологиялық ұстаным да қосылды, өйткені киелі болмыстың басы деп қарастырылады. Онтологиялық ұстаным қасиеттіліктің қалай пайда болғанын, әлемде бар ма, жоқ па, болмыстың қандай бөлігі болып табылатындығын зерттейді.

Бұдан біз онтологиялық ұстанымсыз феноменологиялық ұстанымды қолдану мүмкін еместігіне көзімізді жеткізуге болады. Хайдегер мұны теориялық түрде дәлелдеген. Ал сакралдыны зерттеудегі аксиологиялық ұстаным бірте-бірте алға шығады, бірақ ол теологтарда ең басынан бастап пайда болған және сакралды абсолютті мән деп сипатталған. Әлеу-

меттанушылар бұл феноменнің орнын сакралды-профанды екеуінің арасындағы қарама қарсылығы арқылы мәдени кеңістікте құрылған деп қарастырған.

В.Н. Топоровтың пікірінше, киелі сөзінің негізінде славяндық элементтер бар, бұл элементтер бейне, символ деген түйінді сипаттайды. Көне орыс-славяндық дәстүрде киелі теңеуі тек қана вегетативтік құнарлылық символын анықтаған (киелі ағаш, киелі сиыр, киелі масақ, киелі тоғай), уақыт пен кеңістіктің сакралды белгіленген нүктелерін (киелі тау, киелі жер, киелі тас, киелі өзен; киелі күн, киелі түн, киелі апта) білдіреді. Көне славяндар бірегей әмбебап мақсатты көздейді, яғни адам үшін киелі патшалық (қасиетті өмір) барлық зұлымдықтан алшақтатылған қасиетті болу қажет, сакрализациялануы қажет деп тұжырымдайды (Топоров, 1995: 87-88).

Жалпы, бүгінгі күні киелілік, қасиеттілік, сакралдылық ұғымдары бір-біріне ұқсастырып, бір діни құбылысты талдағанда үшеуін бірге қолданып жатады. Осы ғылыми зерттеуде қол жеткізген зерттеу нәтижесі ретінде келесі тұжырымдаманы ұсынуға болады: киелілік, қасиеттілік, сакралдылық синонимдес болғанымен, діни сана мен діни тәжірибелерде мазмұндық ерекшеліктері бөлек келеді.

Жоғарыда келтірілген зерттеушілердің еңбектері мен зерттеулерін тұжырымдай келе, киелілік, қасиеттілік ұғымдары діндар адамның жеке басының сеніміне байланысты туындаған деуге негіз бар. Бұл жерде жалпы діннен бұрын әр діндардың сеніміне байланысты туындаған осы киелі, қасиетті феномендері туралы айтылып отыр. Мұның тарихын сонау алғашқы рутайпалық кезіндегі алғашқы наным-сенімдер, мифология қалыптасқандағы құбылыстардан көруге болады. Ондағы мана, оренда, табу, нуминоздық түсініктерінің бірінші болып шығу себептерін де мысал келтіруге болады. Осыдан діндар адам киелілікті тікелей Құдайға, Жаратушыға, тылсым күшке байланыстырып, Құдайлық атрибут ретінде қабылдаса, ал қасиеттілікті осы Құдайлылық атрибуттаны жүзеге асыруда пайдаланатын тәжіришелерде қолданған.

Сакралдылыққа келетін болсақ, ол бертін келе дінтану ғылымы бөлек ғылым ретінде қалыптасқаннан соң, қоғамдағы діни құбылыстарды реттеуде қолданылған, өзіндік ерекшелікке ие болған ғылыми лексикондағы атауы.

Қорытынды

Түйіндей келе, киелілік Жаратушы мен құдайлықтың атрибуты болып саналады. Киелілік жаратушылық қасиеттерге ие немесе Жаратушыға арналған деп түсіндіріледі. Ал қасиеттілік болса, ол әдетте Жаратушыға арналып жасалған діни әдет-ғұрыптарда қолданылған қажетті заттарды, іс-әрекеттерді айтады. Оның пендешілік өмірден бөлектігін, оған деген арнайы қарым-қатынастың қажеттіліктері сипатталады.

Сакралды – киелі мен қасиеттіге қарағанда біршама жас ұғым, оның негізгі қасиеттері ең маңызды координаттарымен айқындалады. Яғни, сакралды өзінің алғашқы принциптерінің тұжырымдамасымен, қорқыныш пен таңдануды тудыратын сезім деңгейімен, жоғары немесе төменде орналасқан құндылықтармен, киелі мен профандының бір-біріне қарсы байланысымен анықталады.

Киелілік ұғымын дінтануда, теологияда және дінде талқылағанда әр түрлі тәсілдердің шығуына байланысты анықтамасында бірнеше айырмашылықтар пайда болған. Теологияда киелілік терминін қарастырғанда діни түсінік пен діни ілімнің негізіне сүйене отырып қарастырады, сенім болмысы мен діни құбылыстардың догматикалық ойларынан негіз табады. Киелі құбылысы ең алдымен құдайлық, ғажайып, мистикалық түсіну мағынасында пайда болған. Ал дінтанушылар болса, киелілік ұғымын талдауда заманауи түрлі тәсілдердің қолдануына байланысты діни феномендерді тарих, әлеуметтану, мәдениеттану, психология, феноменология және дін философиясы ұстанымы тұрғысынан зерттеуге негізделген.

Сонымен қатар, қазақстандық дінтану ғылымында дін феноменологиясы, дін социологиясы, дін психологиясы деген салаларының зерттелуі мен бөлек пән ретінде қалыптасуы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің қатарында тұр деуге болады. Осыған орай, осы мақаланың зерттеу нысаны болған киелілік, қасиеттілік, сакралдылық ұғымдары жоғарыда айтылған дінтанулық үш саланың да ортақ нысаны болып есептеледі. Себебі осы ұғымдар арқылы дінді құбылыс ретінде, оның қоғамдағы атқаратын қызметін, жеке адамның психологиялық санасына әсерін қарастыруға болады.

Ал осы тақырыптағы қазақстандық зерттеулерге келетін болсақ, бұл ұғымдардың теориялық-әдіснамалық негіздері бойынша оқулықтар мен

оқу құралдары, зерттеу еңбектері жоқтың қасы. Жалғыз Қ. Затовтың «Дін феноменологиясына кіріспе» атты оқу құралын айтуға болады, онда қасиеттілік туралы зерттеулерін кездестіруге болады. Оған қоса, отандық тарихшы, археолог,

этнограф зерттеушілері «Қазақстанның киелі жерлері», «Жібек Жолындағы киелі жерлер» деген зерттеулерде көбіне Әулие деген ұғымға тоқталған. Әулие ұғымын осы мақаладағы киелі ұғымымен сәйкестендіруге болады.

Әдебиеттер

- Дюркгейм, Э. (1996) Элементарные формы религиозной жизни. Тотемическая система в Австралии / пер. А.Б. Гофмана. – М.: Элементарные формы. – 260 с.
- Забияко, А. (1998) Сакральное, Культурология. XX век. Энциклопедия. – СПб.: Университетская книга. – 250 с.
- Зёдерблом, Н. (1998) Становление веры в Бога. В кн.: Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – М.: Канон. – 360 с.
- Кайуа, Р. (2003) Миф и человек. Человек и сакральное. – М.: ОГИ. – 239 с.
- Маретт, Р. (1998) Формула табу-мана как минимум определения религии. В кн.: Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – М.: Канон. – 360 с.
- Мосс, М. (2000) Социальные функции священного. Избранные произведения / пер. с французского, под общей редакцией Утехина И. В. – М.: Евразия. – 448 с.
- Отто, Р. (2008) Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным. – М.: Политиздат. – 225 с.
- Топоров, В. (1995) Святость и святые в русской духовной культуре. Т. 1. – М.: РГГУ. – 445 с.
- Хайлер, Ф. (1996) Проявления и сущность религии. – Штутгарт: ORT Publishing. – 306 с.
- Шелер, М. (1994) Формализм в этике и материальная этика ценностей. Избранные произведения / пер. Денежкина А.В., Малинкина А.Н., Филлипова А.Ф. – М.: Гнозис. – 320 с.
- Шлейермахер, Ф. (1994) Речи о религии к образованным людям, ее презирающим / пер. с нем. и пред. С.Л. Франка. – СПб: Алетейя. – 432 с.
- Элиаде, М. (1994) Священное и мирское / Пер. с фр., предисл. и коммент. Н.К. Гарбовского. – М.: Изд-во МГУ. – 144 с.
- Юм, Д. (1996) Философские опыты о человеческом познании. – М.: Канон. – 299 с.

References

- Dyurkgeym, E. (1996) Elementarnyye formy religioznoy zhizni. Totemicheskaya sistema v Avstralii / per. A.B. Gofmana. [Elementary forms of religious life. Totem system in Australia/ translation by A.B. Hoffmann.] – М.: Elementarnyye formy. – 260 s. (In Russian)
- Eliade, M. (1994) Svyashchennoye i mirskoye / Per. s fr., predisl. i komment. N.K. Garbovskogo. [Sacred and mundane / Translation from French by N.K. Garbovsky.] – М.: Izd-vo MGU. – 144 s. (In Russian)
- Kayua, R. (2003) Mif i chelovek. Chelovek i sakral'noye. [Myth and Man. Man and the sacred.] – М.: OGI. – 239 s. (In Russian)
- Khayler, F. (1996) Proyavleniya i sushchnost' religii. [Manifestations and essence of religion.] – Shtutgart: ORT Publishing. – 306 s. (In Russian)
- Marett, R. (1998) Formula tabu-mana kak minimum opredeleniya religii. V kn.: Mistika. Religiya. Nauka. Klassiki mirovogo religiovedeniya. Antologiya. [The taboo-mana formula is at least a definition of religion. In the book: Mysticism. Religion. The science. Classics of world religious studies. Anthology.] – М.: Канон. – 360 s. (In Russian)
- Moss, M. (2000) Sotsial'nyye funktsii svyashchennogo. Izbrannyye proizvedeniya / per. s frantsuzskogo pod obshchey redaktsiyey Utekhina I. V. [Social functions of the sacred. Selected works / trans. from French under the general editorship of Utekhin I.V.] – М.: Yevraziya. – 448 s. (In Russian)
- Otto, R. (2008) Svyashchennoye. Ob irratsional'nom v ideye bozhestvennogo i yego sootnoshenii s ratsional'nym. [Sacred. On the irrational in the idea of the divine and its relation to the rational.] – М.: Politizdat. – 225 s. (In Russian)
- Sheler, M. (1994) Formalizm v etike i material'naya etika tsennostey. Izbrannyye proizvedeniya / per. Denezhkina A.V., Malinkina A.N., Fillipova A.F. [Formalism in ethics and material ethics of values. Selected works / trans. Denezhkina A.V., Malinkina A.N., Fillipova A.F.] – М.: Gnozis. – 320 s. (In Russian)
- Shleyermakher, F. (1994) Rechi o religii k obrazovannym lyudyam, yeye prezirayushchim / per. s nem. i pred. S.L. Franka. [Speeches about religion to educated people who despise it / translated from German by S.L. Frank.] – SPb: Aleteyya. – 432 s. (In Russian)
- Toporov, V. (1995) Svyatost' i svyatyte v russkoy dukhovnoy kul'ture. [Holiness and saints in Russian spiritual culture.] T.1. – М.: RGGU. – 445 s. (In Russian)

Yum, D. (1996) *Filosofskiye opyty o chelovecheskom poznanii*. [Philosophical experiments on human knowledge.] – M.: Kanon. – 299 s. (In Russian)

Zabiyako, A. (1998) *Sakral'noye, Kul'turologiya. XX vek. Entsiklopediya*. [Sacred, Culturology. XX century. Encyclopedia.] – SPb.: Universitetskaya kniga. – 250 s. (In Russian)

Zoderblom, N. (1998) *Stanovleniye very v Boga. V kn.: Mistika. Religiya. Nauka. Klassiki mirovogo religiovedeniya. Antologiya*. [The development of faith in God. In the book: Mysticism. Religion. The science. Classics of world religious studies. Anthology.] – M.: Kanon. – 360 s. (In Russian)